

Қазақстан Республикасының орман ресурстарының шоты

Жариялау күні:
Келесі жариялау күні:

- 1. Түйінді тұстар
- 2. Негізгі нәтижелер
- 3. Глоссарий
- 4. Әдіснамалық түсіндірмелер
- 5. Қатысты жарияланымдарға сілтемелер
- 6. Пайдалы сілтемелер

1. Түйінді тұстар

13 898 719 га 2024 жылдың соңындағы орман ресурстарының ауданы	177 720 140,3 млн. тенге 2024 жылдың соңындағы орман ресурстарының құндық бағалануы	10,1% 2014 жылмен салыстырғандағы орман ресурстары ауданының өсуі
--	---	---

2. Негізгі нәтижелер

2024 жылдың соңында Қазақстан Республикасы орман ресурстарының ауданы 13898,7 мың гектарды құрады. 2023 жылмен салыстырғанда көрсеткіш 201,6 мың гектарға ұлғайды, оның ішінде 181,8 мың гектары басқа да табиғи жаңғыртылған ормандар ауданының өсуіне тиесілі.


2014 жылдан бастап орман ресурстары ауданының жалпы өсімі 1271,7 мың гектарды немесе 10,1%-ды құрады.

Құндық мәнде 2024 жылдың соңында орман ресурстарының бағалануы 177720,1 млн теңгені құрады (2023 жылдың соңында – 165296,4 млн теңге).


2024 жылғы орман ресурстары

Көрсеткіш	Мың га		
	Ну ормандар	Басқа да табиғи жаңғыртылған орман	Орман екпелері
Кезең басына орман ресурстары	1 613,7	11 252,7	830,7
Қорларға қосылғаны	0,0	181,8	19,8
Қорлардан шығып қалу	0,0	0,0	0,0
Кезең соңына орман ресурстары	1 613,7	11 434,5	850,5

Қазақстан Республикасының 2014-2024 жылдардағы орман ресурстары



2024 жылға арналған орман ресурстарының құрылымы, %



Динамикалық кестелер:

[Орман ресурстары шоты](#)

3. Глоссарий

Орман ресурстары – табиғи-экономикалық есепке алу шеңберінде табиғи активтер ретінде есепке алынатын ормандар мен орманмен көмкерілген өзге де жерлер.

Бастапқы ормандар – табиғи құрылымы сақталған және елеулі антропогендік әсер белгілері жоқ табиғи ормандар.

Табиғи жолмен қалпына келген ормандар – адамның тікелей орман екпелерін құруынсыз табиғи жолмен қалпына келген ормандар.

Орман екпелері – ағаш өсімдіктерін отырғызу немесе себу арқылы жасалған орман алқаптары.

Ормандандыру – бұрын орман болмаған аумақтарда орман жамылғысын қалыптастыру.

Табиғи жолмен орман алқабының ұлғаюы – ағаш және бұта өсімдіктерінің табиғи таралуы нәтижесінде орман ауданының ұлғаюы.

Ормансыздану – орман жамылғысының жойылуы немесе орман жерлерінің басқа санаттарға ауыстырылуы.

Табиғи жолмен орман алқабының қысқаруы – өрттер, аурулар, зиянкестер және қолайсыз климаттық жағдайлар әсерінен орман ауданының азаюы.

Құндық қайта бағалау – баға параметрлерін, бастапқы деректерді немесе бағалау әдістерін қайта қарау нәтижесінде орман активтері құнының өзгеруі.

4. Әдіснамалық түсіндірмелер

Орман ресурстары бойынша активтер шоты Табиғи-экономикалық есепке алу жүйесінің (ТЭЖ, SEEA 2012) Орталық негізіне сәйкес қалыптастырылады. ТЭЖ активтер шоттарын есепті кезеңнің басындағы және соңындағы табиғи активтердің қорларын, сондай-ақ есепті кезең ішінде болған өзгерістерді көрсету құралы ретінде қарастырады.

Заттай мәнде орман ресурстарының шоты ормандар мен орманмен көмкерілген өзге де жерлердің ауданын көрсетеді. Құндық мәнде шот орман активтерінің экономикалық бағасын көрсетеді. Есепке алу орман санаттары бойынша жүргізіледі, оның ішінде бастапқы ормандар, табиғи жолмен қалпына келген өзге ормандар, орман екпелері және орманмен көмкерілген өзге де жерлер қамтылады.

Орман ресурстары қорларының өзгерістері қорлардың ұлғаюын, қорлардың кемуін және құндық қайта бағалауды қамтиды. Қорлардың ұлғаюы ормандандыру және орман алқаптарының табиғи жолмен кеңеюі нәтижесінде орын алуы мүмкін. Қорлардың кемуі ормансыздану, орман алқаптарының табиғи жолмен қысқаруы және өзге де өзгерістер нәтижесінде қалыптасады.

5. Қатысты жарияланымдарға сілтемелер

[Экологиялық салықтар шоты](#)

[Қазақстан Республикасы табиғи-экономикалық есепке алу жүйесінің шоттары \(2024ж.\)](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[Ұлттық шоттар жүйесінде экологиялық шоттарды құрастыру үшін қажетті алғашқы көрсеткіштерді қалыптастыру бойынша әдістеме](#)

Шығаруға жауапты: Ұлттық шоттар департаменті	Департамент директоры: Ә.Е. Нақыпбеков Тел. +7 7172 74 97 17	Орындаушы: С. Келденов Тел. +7 7172 74 92 80 E-mail: s.keldenov@aspire.gov.kz	Мекенжай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер Үйі, 4-кіреберіс
---	---	--	---

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы